



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 10 2023

Босаға ауылы

№ 128

село Босага

Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс-турустардың алдын –алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту және жүзеге асыру туралы

2020-2023 жылдарға арналған бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы іс қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицидтік мәселелерді шешу жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында Қарағанды облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 595 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез құлықтың алдын алу жөніндегі 2022-2023 оқу жылына арналған іс шара жоспары бекітілсін.

2. 2022 жылғы 31 қазанға дейін «Сарыарқа дарыны» АҒПО Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу зертханасының мамандарын тарта отырып, білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді іске асыратын мамандарға оқыту ұйымдастырылсын.

1) Педагогикалық кеңестің Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы жарияланған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері (№4.6. 377 бұйрықтар) күн тәртібінде қаралсын. Мерзімі 6 қарашаға дейін.

2) Педагогтерге («суицид вахтерлері») арналған оқыту семинарларын 1 қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес өткізілсін.

3) Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін ата-аналардың жауапкершілігі мәселелері бойынша ата-аналар жиналыстары өткізілсін. Мерзімі 2022 жылғы 01 желтоқсанға дейін.

4) Коммуникативтік тренингтер мен психологиялық диагностика жүргізі үшін 2022-2023 оқу жылына арналған сынып сағаттарының жоспарына әр сыныпта педагог-психологтың кеміне төрт іс-шарасы (психолог сағаты) еңгізілсін.

5) Педагог-психолог 6-10 сынып оқушылар арасында стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтер өткізілсін. Мерзімі 2023 жылғы 20 қаңтарға дейін.

6) Уақытылы психологиялық- педагогикалық көмек көрсету және білім беру процесі кезінде олардың психоэмоционалық жай күйін бақылау мақсатында білім

алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша сынып жетекшілері, пән мұғалімдерімен жұмыс жүргілісін. Мерзімі 2022 жылғы қыркүйек-қазан.

7) Білім алушылар білім беру ұйымын ауыстырған кезде, оның ішінде аутодеструктивті және қоғамға жат мінез құлыққа бейім болса психологиялық қызметтердің жұмысындағы сабақтастығы қамтамасыз етілсін. Мерзімі 2022 жылғы 10 қазанға дейін (және одан әрі жыл бойы)

Білім алушылардың аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс тұрыстарының алдын алу үшін іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру және бақылау жасау мектеп психологы С.Есимғалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



С.К.Ахтаев